

Түркістан облысының білім
басқармасының
Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Жыланбұзған» жалпы
білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Государственное коммунальное
учреждение
«Общеобразовательная
школа «Жыланбұзған»
отдела образования Төлебейского
района управление образования
Туркестанской области

БҮЙРЫҚ

01.09.2023ж
Сұлтанрабат ауылы

ПРИКАЗ

№ 93.2
село Султанрабат

**«Бойжеткен» қыздар клубының
жұмысын жүргізу туралы**

1. Мектепте қыз балаларды тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен дәстүрлерін бойына сіңіру, қазақстандық ұлтжандылық пен азаматтыққа, нәзіктік пен сұлулыққа, ибалылық пен сыпайылыққа тәрбиелеу және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Бойжеткен» қыздар клубының іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілсін.
2. «Бойжеткен» қыздар клубы аясында қыз балалар бойына ұлттық тәрбиенің асыл қасиеттерін сіңіріп, әдеп әліппесін дарыту мақсатында қоғамдық ұйымдармен бірлесе іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру жауапкершілігі ДТЖО А.Тунгушбаева мен пелагог-ұйымдастырушы М.Адиловқа жүктелсін.

Мектеп директоры:

К.Алтаева



Бұйрықпен таныстым:

(күні)

(қолы)

(қолтаңбаның толық мәні)

Бұйрықпен таныстым:

(күні)

(қолы)

(қолтаңбаның толық мәні)

Орындаған А.Тунгушбаева

Мектеп директоры:  К.Алтаева




«Жыландыған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
«Бойжеткен» қыздар клубының 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	Мектепшілік «Бойжеткен» қыздар клубының 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарын жасап, бекіту.	Жоспар	Мектеп директоры К.Алтаева ДТЖО А.Тунгушбаева	қыркүйек
3.	«Бойжеткен» қыздар клубының жұмысын жүргізетін қыздар құрамын жинақтау. Құрам мүшелерінің міндеттерімен таныстыру.	мәлімет	ДТЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері	қыркүйек
4.	«Жеңге кеңесі» мен мектепшілік «Бойжеткен» қыздар клубының бірлескен жоспарын жасау арқылы сабақтастық шаралар өткізу.	Бірлескен жоспар	ДТЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Бойжеткен» қыздар клубы	Қазан
5.	«Қыз әдебі» /Ар-ұят құндылығы/	Отырыс суреттерінің жинағы, хаттама, әлеуметтік желіге	ДТЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Жеңге кеңесі» мүшелері «Бойжеткен» қыздар клубы	қыркүйек

		жариялау		
6.	«Мұны қыздар білуге тиіс...» /Тапп құндылығы/	Кездесу суреттерінің жинағы, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТДЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Жеңге кеңесі» мүшелері «Бойжеткен» қыздар клубы	қараша
7.	«Қыз ғұмырдың құпиялары» /Ар-ұят құндылығы/	Сабак суреттерінің жинағы, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТДЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Жеңге кеңесі» мүшелері «Бойжеткен» қыздар клубы	желтоқсан
	«Қыз намысы – ұлт намысы» /Ұлттық мүдде құндылығы/ («Ата-аналар мектебі» жобасы) сырласу кеші 8-11 сынып қыздары	Хаттама сурет, әлеуметтік желіге жариялау	ДТДЖО А.Тунгушбаева Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының мүшелері «Жеңге кеңесі» мүшелері «Бойжеткен» қыздар клубы	қаңтар айы
8.	«Имағды қыз – ағулы жеңге» /Ар-ұят құндылығы/	Отырыс суреттерінің жинағы, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТДЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Жеңге кеңесі» мүшелері «Бойжеткен» қыздар клубы	ақпан

9.	«Қыз еркем кестесімен көркем» /Талап құндылығы/	Байқау суреттерінің жинағы, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Жеңге кеңесі» мүшелері «Еойжеткен» Ұыздар клубы	наурыз
10.	«Көркем мінез – баға жетпес құндылық» /Ар-ұят құндылығы/	Дөңгелек үстел суреттерінің жинағы, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Жеңге кеңесі» мүшелері «Еойжеткен» Ұыздар клубы	сәуір
11.	«Ана көрген – той пілер» /Талап құндылығы/	Кеңес беру сабағы суреттерінің жинағы, хаттама, әлеуметтік желіге жариялау	ДТІЖО А.Тунгушбаева Сынып жетекшілері «Жеңге кеңесі» мүшелері «Еойжеткен» Ұыздар клубы	мамыр

Орындаған ДТІЖО А.Тунгушбаева



«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
2023-2024 оқу жылында мектепшілік «Бойжеткен» қыздар клубының
қыздармен атқарған жұмыс есебі

2023-2024 оқу жылында мектептегі қыз балаларды Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, ұлттық құндылықтар арқылы адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту, нәзіктік пен сұлулыққа, ибалылық пен сыпайылыққа тәрбиелеу, еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру және ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Бойжеткен» қыздар клубы жұмысы жүргізілді.

Міндеттері:

- қыз балалардың тұлғалық қасиеттерін дамыту; әдептілік пен инабаттылыққа тәрбиелеу;
- зиянды әдеттердің алдын алу; ұлттық дәстүр мен отбасылық құндылықтарды насихаттау;
- қыз балалар арасында ерте жүктіліктің, девиантты мінез құлықтың алдын алу.

Мектептегі қыз балалармен жұмыс жасау мақсатында мектеп директорының 1.09.2023 жылғы №932 бұйрығымен «Бойжеткен» қыздар клубымен жұмыс жүргізетін жауаптылар бекітіліп, жоспары жасалды.



Оқу жылының қыркүйек айында қыздар клубының ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп, жоспар бекітілді. Кеңестің жетекшісі мен мүшелеріне міндеттер белгіленді. Сынып жетекшілер мен ата аналармен байланыс орнатылды.

2023-2024 оқу жылының қазан айында «Ар ұят» құндылығы аясында «Ата аналарды қолдау педагогикалық орталығы» жоспарына сәйкес «Жеңге кеңесі» клубымен бірлесе сабақтастық шарасы өткізілді.

2023-2024 оқу жылының қазан айында «Ар ұят» құндылығы аясында «Қыз әдебі» тақырыбында кеңес беру шарасы өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/17G18bMUvw/>

2023-2024 оқу жылының қараша айында «Талап» құндылығы аясында «Жеңге кеңесі» клубымен бірлесе «Мұны қыздар білуге тиіс» тақырыбында шара өткізілді.



Мақсаты: қыз бала тәрбиесі арқылы әйел-аналардың бақытты отбасының кілтін ұстауы, балаларымыздың бақытты отбасында дұрыс тәлім-тәрбие алуы негізінде еліміздегі кейбір келеңсіз мәселелердің алдын алу, жеке бас гигиенасы, салауатты өмір салты туралы нұсқаулықта беру.

2023-2024 оқу жылының желтоқсан айында «Ар ұят» құндылығы аясында «Қыз ғұмырдың құпиялары» атты «Жеңге кеңесі» клубымен бірлесе сабақ өткізілді.

Мақсаты: қазақтың дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланың тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану,

Міндеттері:

- жеңгенің отбасында қыз баланың қамқоры екендігін түсіндіру;
- жеңгенің отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтаушы ретінде рөлін ашу;
- қазақтың салт-дәстүрін сақтаудағы келіннің рөлін ашу арқылы қыз балаларды болашақ өмірге даярлауда тәрбие берудегі үлгісін нақты мысалдармен ашу.

2023-2024 оқу жылының 19.01.2024ж күні «Ұлттық мүдде» құндылығы аясында «Жеңге кеңесі» клубымен бірлесе «Қыз намысы ұлт намысы» тақырыбында сырласу кеші өткізілді. Шараға аналар, жеңгелер, ұстаздар қатысты.

Оқу жылы барсында қыз балалармен **профилактикалық жұмыстар** «Жасөспірім және заң» тақырыбында құқық қорғау органы өкіллімен кездесу,, «Интернеттегі қауіпсіздік», «Кибербуллингтің алдын алу» тақырыптарында кеңес беру, алдын алу шаралары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1EQrLVdkSQ/>

<https://www.facebook.com/share/v/1CfY3s13Dy/>

2023-2024 оқу жылының 1.03.2024ж. күні «Даналық мектебі» «Жеңге кеңесі» клубы аясында 7-11 сынып қыз балалары арасында «Иманды қыз, аяулы жеңге» тақырыбында мәдени таным байқауы өткізілді. Мақсаты: дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы баланы тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану, қыз балаларды ұлттық мұраны кастерлеуге,

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу. Байқауға қатысушы қыз балалар еңгесімен қатысып, өнер көрсетті. Жеңімпаздар марапатталды.

6.03.2024ж. күні «Даналық мектебі» «Жеңге кеңесі» клубы аясында 7-11 сынып қыз балалары арасында «Қыз – өмірдің қызғалдағы» байқауы өткізілді. Мақсаты: қыз балаларды ұлттық мұраны қастерлеуге, жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу.

2023-2024 оқу жылының ақпан айында «Ар ұят» құндылығы аясында «Жеңге кеңесі» клубымен бірлесе «Көркем мінез баға жетпес құндылық» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: жаһандану жағдайында қазақтың дәстүрлі отбасындағы қыз балаларға тәрбие берудің ұлттық және заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру.

Міндеттері:

- қыз баланың тұлғалық қалыптасуына қатысты талаптарды нақтылау;
- қыз тәрбиесіндегі құндылық сапа ұғымының сырын ұғындыру;
- халқымыздағы қыз бала тәрбиесі арқылы отбасы бақытын сақтау құпияларымен бөлісу.

2023-2024 оқу жылының ақпан айында «Талап» құндылығы аясында «Жеңге кеңесі» клубымен бірлесе 5-11 сынып қыз балаларына «Ана көрген тон пішер» тақырыбында кеңес беру шарасы өткізілді. Мақсаты оқушылардың бойында ұлттық салт дәстүрге сай көріктілік пен қасиеттерді нығайту, оқушылардың санасында өз Отанына деген қасиетті ұғымның қалыптасуына ықпал жасау.

<https://www.facebook.com/share/v/1EjQWipKra/>

Қорытынды, оқу жылы ішінде қыздармен жүргізілген жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асты. Қыз балалардың мәдениеті мен өзін өзі ұстау дағдыларында оң өзгерістер байқалды, ешқандай құқықбұзушылық, тәртіпсіздік, ертежүктілік, т.б. әрекеттер болмады. Қыздар кеңесі белсенді жұмыс атқарды. Келесі оқу жылында жеке тұлғалық даму, өзін өзі бағалау, және кәсіптік бағдар бағытындағы жұмыстарды күшейту жоспарлануда.

Орындаған ДТЖО А.Тунгушбаева





«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ

Мектепішілік «Бойжеткен» қыздар клубының қыздармен өткізген іс шараларынан

